



thyssenkrupp

ThyssenKrupp Polysius компаниясы ThyssenKrupp AG. компаниялар тобының құрамына кіреді. Ол пайдалы қазбаларды өндіру, металлургия, химия, энергетика және цемент өнеркәсіптеріне арналған жабдықтар жеткізеді.

Бұл клиентпен жұмыс істеудің ерекшелігі негізінен терминологияны басқару мақсатында Across аударма жобаларын басқару жүйесін пайдалану болды.

Janus мамандары Across бағдарламасы бойынша оқыту курсынан жедел өтіп, жүйені меңгеріп алды. Сол арқылы клиенттің барлық жобаларын белгіленген мерзімде және жоғары сапа стандарттарына сәйкес аяқтау мүмкін болды.

Жобаның маңызды аспектілерінің бірі клиенттің глоссарийіндегі сәйкессіздіктерді анықтау және ол жөнінде клиентті хабардар ету, сондай-ақ терминологиялық

деректер базасы мен аударма жадын кемелдендіру бойынша жұмыс істеу болды.

Барлық құжаттар үшін тиімділік пен сапаны арттыру мақсатында терминология мен бұрын жасалған аудармалар бойынша коммуникацияларды басқару тиімділігін қамтамасыз ететін үлгілер жасалды.

Аударылған құжаттардың барлығы мазмұнында ғана емес, беттелуінде де автоматты түрде қатаң сапа бақылауынан өтеді. Аударма жадтары тұрақты жаңартылып отырады, ал аударма бағдарламаларынсыз орындалған аудармалар аударма жадтарында жылдам сақталып отырды. ThyssenKrupp жобалары жоғары деңгейде күрделі болғандықтан, Janus компаниясы тар шеңберде маманданған лингвистер, терминологтар және компьютерлік беттеу бойынша мамандар тобын құрды.



Тапсырмалар

- Күрделі техникалық құжаттарды аудару
- Across бағдарламасы үшін арнайы басқару жүйесін біріктіру
- Барлық құжаттардағы терминологияның біркелкілігі

Шешімдер

- Талап етілген саладағы жоғары білікті лингвистерді іріктеу
- Across жүйесін жұмыс үдерісіне қосу және команданың барлық мүшелерін оқыту
- Терминологияны стандарттау, Polyterm корпоративтік глоссарийін жаңарту және толықтыру
- Техникалық мәтіндерді аударуда үлкен тәжірибесі бар жоғары білікті редакторларды іріктеу

Шешімдердің құрамы

- Жоғары білікті аудармашылар тобы
- Жоғары білікті редакторлар тобы
- Терминологиялық деректер базасын басқару
- Across бағдарламасын пайдалану
- Бұрын жасалған аудармалар мен терминологияның сапасын бақылау
- Түрлі арнайы бағдарламалардың көмегімен барлық құжаттаманы компьютерлік беттеу

1996 жылдан бері Janus компаниясы техникалық және жоба құжаттарының және ғылыми материалдардың аудармасында маманданып келеді. Біз түрлі салаларда жұмыс істейтін компанияларға өсуге, келешегі бар аймақтарда жаңа серіктестер табуға, сатылымдарын арттыруға және қатерлерін кемітуге көмектесіп келеміз.

Біз өз саласының көшбасшысы саналатын ABB, Alstom, Siemens және Schlumberger секілді компаниялармен көпжылдық ынтымақтастық құрдық.

